

А. ШОРТАНОВА

ЕДІЛ – ЖАЙЫҚ БОЙЫНДАҒЫ КІТАП БАСПА ІСІ

1831 ж. қазақ тілінде мәтіндер терілді. Ол тырысқақтан (холерадан) сақтану жолдары туралы “Игльан намэ Кыргыз халгына” атты Қазан университетінің баспаханасында шыққан еңбек. Ал ең бірінші қазақ тілінде басылған кітап “Ер Тарғын” эпосы болып саналады.

Ана тілінде кітап шығарудың дамуы қазақ халқының өзінің тарихына деген қызығушылығын, сана-сезімін арттырды. 1907–1914 жж. аралығында Қазанда қазақ тілінде Осман Али Садықовтың “Қыргыз таварихы” атты еңбегі, Якуб Аймановтың “Тарих кыргыз шаднамасы” атты еңбегі және Семейде “Саман тарихи дастан” еңбектері шықты.

Сонымен қатар Қазанда ең алғашқы әйгілі қазақ жазушыларының, қоғам қайраткерлерінің кітаптары шығарылды. 1887 ж. Ы. Алтынсариннің “Ислам шариаты” және 1899 ж. “Мактубат” атты шығармалары, 1909 ж. А. Құнанбаевтың екінші өлеңдер жинағы (біріншісі сол жылы Санкт-Петербургте шыққан), 1910 ж. М. Дулатовтың “Бақытсыз Жамал” атты романы, 1913 ж. М. Жұмабаевтың “Шолпан” атты поэтикалық кітабы және С. Көбеевтің “Қалым” атты романы, 1914 ж. С. Сейфулиннің “Өткен күндер” атты өлеңдер жинағы және т.б. жарық көрді. Сонымен қатар орыс әдебиетінің классиктерінің туындылары қазақ тіліне аударылып шығарылды, мысалы, А. С. Пушкиннің “Алтын балық туралы ертегісі”, “Капитан қызы” атты повесі т.с.с.

1917 ж. Қазанда қазақ тілінде алты рет “Кисса Козы – Корпеш”, бес рет “Кисса Тагир”, он екі рет “Кисса Зарқум”, бес рет “Кисса Сандбаттал” шықты. Қазақ баспаханасында қазақтың халық шығармашылығының белгілі ескерткіштері: Әбубәкір Диваев жазған Бекет батыр туралы аңыз, “Жиренше шешен”, “Айқын қызы”, “Марат – алхаш” сонымен қатар орыс – қазақ сөздігі басылып шығарылды.

Қазақ кітаптарының араб шрифтіңде шығарылуының статистикасы А. Г. Каримуллиннің еңбегінде келтірілген.

Еділ мен Жайық маңында олардың 500 түрі 2186305 данамен шығарылды. Оның ішінен 474 атаулы 2037480 данасы Қазанда, кеңес дәуіріне дейін Ресейде, қазақ аймақтарын қосқанда қазақ кітаптарының 1100 түрі шығарылды [1, 33].

А. М. Жиреншиннің айтуынша, “шығарылған кітаптардың қанша дана шығарылғандығын нақты айту мүмкін емес еді, себебі ол көрсетілмеген. Бұл

сандарды құпия түрде жасырды, өйткені дана көлеміне байланысты мемлекет қазынасына салық төленуі керек”.

Қазанда, Орынборда, Уфада Ш. Хусаиновтың, Каримовтардың, М. В. Чиркованың, Б. Л. Домбровскийдің, Г. М. Вячеславтың, Н. М. Чижованың, И. Н. Харатиновтың жеке баспаханасының және “Магариф”, “Өрнек”, “Сабах” т.б. баспа мекемелерінің құрылуы салдарынан әдебиеттің шығарылуы күрт өсті. Бұлардың ішіндегі қазақ тілінде ең көп кітап шығарғандар – Шамсуддин Хусаиновтың және Каримовтардың баспаханалары. Олардың көбі Уфада, Астраханьда, Оралда, Троицкіде шығарылды.

Қазақ аймақтарында баспа шығармалары өте сирек шығарылды. 1913 ж. кітаптардың 13 атауы, олардың 11-і орыс тілінде, ал 2-і қазақ тілінде болды [2, 13].

Шынында, басқа жылдары кітап көптеп шығарылды. Бірақ сонда да бұл кітап басып шығарудың жағдайын өзгертпеді. Аймақтың материалды-техникалық базасы нашар жағдайда еді.

Орал бойында сол кезде қазақ кітаптарының 44 атауы 97800 данасы шықты. Орынборда Ы. Алтынсариннің “Начальное обучение киргизов русскому языку” және “Киргизская хрестоматия” атты педагогикалық жұмыстары, Ш. Құдайбердиевтің шығармалары, татар ағартушысы, жазушысы Фатим Каримнің “Жалпы тарихы” және т.б. кітаптар шықты. Орынбор қазақ кітабын шығарудан Қазаннан кейін екінші орынды иеленді. Бірақ оның кітап статистикасы Қазандікіне қарағанда қарапайым. Татарстан орталығымен салыстырғанда Орынборда қазақ кітаптары атаулары бойынша 10 есе, ал даналары бойынша 20 есе аз.

Орынборда шығыс тілдеріндегі кітаптар: “Каримов, Хусаинов и К”, “Дин вэ мэ Мэғыйшет”, “Бакыт”, Г. Хусаиновтың, Б. Бреслиннің баспаханаларында шығарылды. Бұл аталған серіктестіктерге қаланың ірі баспасы – Н. И. Евфимовский-Мировцкийдің баспаханасы қосылды. Нәтижесінде серіктестік Орынбордағы ең күшті баспа мекемесіне айналды.

И. Харитонов туралы былай айтылған “Кітап ісінің білгірі, шығыс шрифтерінің реформаторы”. И. Харитонов әдебиетті көптеген тілдерде – орыс, араб, татар, парсы, қазақ, азербайжан тілінде шы-

ғарды. Қазандағы, Орынбордағы, Ташкенттегі, Уфадағы, Кавказдағы, Батыс Сібірдегі барлық ұлттық баспаханалар Харитоновтың баспаханасында құрылған шрифтермен жинақталған.

Полиграфияның шебері – гравер, пуансонист Мұхамед Идрисов араб-түрік шрифтерінің унификациясында төңкеріс жасады. А.Г.Каримуллиннің “Книги и люди” еңбегінің “Полиграфист, ученый” атты бөлімі М.Идрисовқа арналған.

Ол кезде қазақ тіліндегі мәтіндерін татар жұмысшылары терді. Кеңес билігінің алғашқы жылдары қазақ газеттерін, журналдарын, кітаптарын татар мамандары басып шығарды. Бұл мәселеге қатысты Орынбордағы Қазақ АССР-ы бірінші мемлекеттік басшысы А.К.Бочагов былай деді: “Маманданған жұмысшылардың жетіспеуі барған сайын күшеюде. Басу бөлімінде татарлар жұмыс істеді. Олардың саны өте аз болды. Сондықтан біз тез және нәтижелі оқытуды ойластырдық.

1922 ж. күзінде баспахананың бастауымен баспа жұмысшыларын дайындау үшін қысқа мерзімді курстар ашылды. Оларда 20 адам оқытылды. 4 – 5 айдан соң олардың көбі жұмысқа кіріседі. Бұл республикадағы қазақ мамандарының бірінші жұмысшы отряды еді” [3, 73].

Бірінші орыс төңкерісі жылдарында патшалық билік баспа ұйымдарына бостандық берді, басып шығарушылардың ішінде қазақтар болды. Олардың көбі – Шерияздан Шеленов, Қайырбай Мұратов, Тамырза Қозыбаев, Гайнутдин Піралиев, Жұмалы Арысланов, Рахат Телешов, Мұхамеджан Сералин – қазақ кітаптарының авторлары болды. Бірінші басып шығарушылардың ішінде қазақ әйелдері болды – Сәния Қасым, Хадеми Ертісбаева, Мәдина Османқызы Әбілғазизова т.б.

Баспада қазақ авторларының белсенділігі жоғарылай бастады. Олар – Кашафутдин Шахмарданов, Ақылбек Сабалұлы, Жүсіпбек Шайхұсламов, Мақыш Қалтаев, Шәди төре Жәңгіров, Спандияр Көбеев, Тайыр Жомартбаев, Машьүр Жүсіп Көпеев. Әдебиеттің қазақ тілінде шығарылуына татар мәдениетінің қайраткерлері өз үлестерін қосты. Олар – Фатах Халиди, Ф.Амашев, Ф.Катеев, И.Шамсут-

динов, Ш.Хаки, т.б.

Орыс классиктерінің шығармаларын, араб және парсы әдебиеттерін қазақ тіліне аударуда ерекше үлес қосқандар – С.Көбеев, А.Сабалұлы, Ж.Шайхұсламов, К.Шахмарданов болды. Қазақ әдебиеттерінің шығарылуына байланысты көп еңбек сініргендер – түркітанушы, профессор И.Бораганский, профессор Әбубәкір Диваев, шығыстанушы академик В.В.Радлов, профессор И.Н.Березин және Н.И.Веселовский, географ Г.Н.Потанин, педагог Н.И.Ильминскийді атауға болады.

Қорыта айтқанда, қазақ баспа ісі Еділ мен Жайық бойындағы қалаларда жақсы дамыды. Ол баспалардан шыққан кітаптардың көпшілігі сақталған. Әлі күнге дейін біз оларды пайдалана аламыз.

ӘДЕБИЕТ

1. *Мамажанов М. К., Коротковский М. П.* Книги Казахстана. Алма-Ата, 1977.
2. *Касымов Е. Д.* У истоков казахского книгоиздания. Алматы, 1998.
3. *Бочагов А. К.* У истоков. Воспоминания. Алма-Ата, 1972.

Резюме

В статье рассматривается история книгоиздательского дела в Казахстане на побережьях Урала и Волги. Изданные книги дореволюционного периода хранятся в библиотеках Казани, Орынбора, Уральска, Уфы, Астрахани, Троицка.

Summary

The history of book printing in Kazakhstan, especially in the Ural-Volga basin is examined in the article. These edited books of the pre-Revolutionary period are kept in libraries of Kazan, Orenburg, Uralsk, Ufa, Astrakhan and Troitsk.